ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ АКИМАТ

ҚАУЛЫ

2026 жылғы 12 қазан
Өскемен қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 257
город Усть-Каменогорск

Шығыс Қазақстан облысының 2027-2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамын мақұлдау туралы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 51-бабы 6-тармағына, «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 1-12) тармақшасына, «Әлеуметтік-экономикалық даму болжамының, оның ішінде астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың әлеуметтік-экономикалық даму болжамының бөлімдерін әзірлеу қағидаларын, мерзімдерін және құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 27 мамырдағы № 35 бұйрығына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Шығыс Қазақстан облысының 2027-2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мақұлдансын.

2. «Шығыс Қазақстан облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің ресми интернет ресурсында, ашық бюджеттердің интернет-порталында орналастыруды;

2) осы қаулыны «Шығыс Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шығыс Қазақстан облысы әкімінің экономика және бюджеттік жоспарлау мәселелеріне жетекшілік ететін бірінші орынбасарына жүктелсін.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі **Н. Сақтағанов**

005437